

"Әділет органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын нормативтік құқықтық актілерді шығаруды, қолдануды, мемлекеттік тіркеу мен жариялауды реттейтін заңнаманы сақтау бойынша тексерулерді жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі N 48 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 8 желтоқсандағы N 325 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 8 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3968. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2013 жылғы 8 қаңтардағы № 6 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 08.01.2013 № 6 бұйрығымен.

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабын басшылыққа алып, **БҰЙЫРАМЫН** :

1. "Әділет органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын нормативтік құқықтық актілерді шығаруды, қолдануды, мемлекеттік тіркеу мен жариялауды реттейтін заңнаманы сақтау бойынша тексерулерді жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі N 48 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде N 1813 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік-құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2002 жыл, N 19, 608-құжат, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 8 ақпандағы N 36 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Әділет органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын нормативтік құқықтық актілерді шығаруды, қолдануды, мемлекеттік тіркеу мен жариялауды реттейтін заңнаманы сақтау бойынша тексерулерді жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

9-тармақта "жергілікті мемлекеттік басқару органдарының нормативтік құқықтық актілерін тіркеу және бақылау" деген сөздер "нормативтік құқықтық актілерді тіркеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 0 - т а р м а қ т а :

екінші бөлімде "деңгейде" деген сөзден кейін ", республикалық маңызы бар

қаладағы (астанадағы) аудандық" деген сөздермен толықтырылсын;
ү ш і н ш і б ө л і м д і :

", республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы) аудандық" деген сөздер
а л ы п т а с т а л с ы н ;

"округтік әкімдіктер" деген сөздер "округтер" деген сөзбен ауыстырылсын;
11-тармақтың екінші бөлімінде:

", республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы) аудандық" деген сөздер
а л ы п т а с т а л с ы н ;

"округтік әкімдіктер" деген сөздер "округтер" деген сөзбен ауыстырылсын;
12-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөлімдермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"Бұл ретте, жергілікті мемлекеттің басқару органында жоспарлы тексеруді
аумақтық әділет органы осы Нұсқаулықтың 10-тармағына сәйкес жарты жылда
к е м і н д е б і р р е т жү р г і з е д і .

Қажет болған жағдайда облыстық Әділет департаменттері аудандық (облыстық маңызы бар қалалық), аудандық маңызы бар қалалық, кенттік, ауылдық (селолық), ауылдық (селолық) округтің жергілікті мемлекеттік басқару органдарына, бірақ олардың алтауына, ғана жоспарлы тексеруді жүргізуі мүмкін.
".

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Әділет министрі